

**«6D070100 – Биотехнология» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін «ДНҚ-
технологиясы арқылы түйелерді генодиагностикалау және оны
ауылшаруашылығы өндірісіне енгізу» тақырыбындағы
Э.К.Адильбекованың диссертациялық жұмысына**

ПІКІР

Э.К.Адильбекова диссертациялық жұмысын 2015-2018 жж. аралығында М.Әуезов атындағы ОҚУ-ның «Биотехнология» кафедрасында және Оңтүстік-Батыс мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының «Биотехнология» бөлімінде, сонымен қатар Арыс-Түркістан аймағындағы ЖШС «Сыздықбеков А.» пен «Үсенов Н.» ш/қ, Каспий ойпатындағы «Жана-таң» ЖШС-де және Маңғыстау түбегіндегі «Таушық» ЖШС-де, Алматы облысы Балқаш өніріндегі «Дәулет-Бекет» ЖШС-де және Түркістан облысы Қаратай-Мойынқұм аймағындағы «Бағдат» шаруа қожалығында және Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институтында (Алматы қ.) орындалды.

Э.К.Адильбекованың диссертациялық жұмысы ДНҚ - технологиясын қолдану арқылы Қазақстанның түрлі аймақтарындағы сүт өнімділігі жоғары түйелер генофондының микросателлиттік локустарының полиморфизмін зерттеуге және өндіріске сүттілігі жоғары генотиптердің генетикалық бейінін енгізуге арналған.

Ізденуші әртүрлі аймақтағы түйелердің сүттілік өнімділігінің деңгейін анықтау мақсатында, олардың сауын сүтін жеке-жеке есепке ала отырып, әр популяциядан 50 бас сауын түйелердің таңғы және кешкі, бір тәуліктік пен бір айлық сауын сүтін және олардың майлылығын зерттеді, сонымен қатар, еліміздің әртүрлі аймақтарында өсіріліп жатқан түйелер популяциясына алғаш рет микросателлиттік талдау жүргізді.

Э.К.Адильбекованың диссертациялық жұмысының нәтижесінде Қазақстанның түйе шаруашылығы дамыған түрлі аймақтарында микросателлиттік локустар бойынша жоғары өнімді дарақтардың генетикалық бейінін дұрыс бағалауды қамтамасыз ететін сүтті бағыттағы түйелердің ДНҚ-технологиясының ғылыми-әдістемесінің алғаш рет негізі қаланды. Жүргізілген ДНҚ-микросателлиттердің негізінде 612 бас сүтті бағыттағы түйелер сәйкестендірілді және құжаттандырылды, оның ішінде 300 бас аналық түйе, 300 бас бота және 12 аталақ-өндіруші тіркелді.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында Э.К.Адильбекова өзін өте еңбекқор, білікті маман және маңызды ғылыми мәселелерді шешуге қабілетті зерттеуаші ретінде көрсете білді.

Зерттеу нәтижелері докторанттың 16 ғылыми макалаларында жарық көрді. Атап айтқанда, Web of Science және Scopus дереккорында индекстелетін рецензияланған ғылыми журналдарда 2 мақала, ҚР БФМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті тізіміндегі республикалық ғылыми

журналдарда 5 мақала, халықаралық конференцияларда 1 тезис, 7 мақала, және республикалық ғылыми еңбектерде 1 мақала жарияланған.

Іздешінің диссертациялық жұмысына қойылған мақсат, міндеттері, зерттеу көлемі, пайдаланылған әдістері, ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік өзектілігі ерекше жоғары орын алады, сол себепті «6D070100 – Биотехнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуда диссертацияға қойылатын талаптарға сай келетін ғылыми еңбек деп есептеймін.

Э.К.Адильбекованы «6D070100 – Биотехнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынамын.

Отандық ғылыми көңесші

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан

Университетінің «Биотехнология» кафедрасының

профессоры, а/ш.ғ.д.


Н. Алибаев

а/ш.ғ.д., профессор Н.Алибаевтың
қолын растаймын

М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан университетінің
Ғалым хатшысы, ф-м.ғ.к., доцент


С.Досыбеков

